

Тәуелсіз елдің ұрпағымыз

Еліміздің тәуелсіздік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірлердің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі – еркіндік. Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстардың бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі.

Ел тәуелсіздігі біреулер ойлағандай құжатқа қол қою рәсімі арқылы қол жеткендей оңайлықпен келген жоқ. Қазақстанның жеткен жетістіктерімен таныстырып, Тәуелсіздіктің мәнін терең ашып түсіндіру мақсатында биология және биотехнология факультетінің, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында биомедицина мамандығының 2-курс студенттерімен «Тәуелсіз елдің тірегіміз» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға кафедрамыздың оқытушылары қатысты.

Өскелең ұрпақтың мақсаты мол біліммен қаруланып, кең-байтақ жерімізді сақтау, қорғау. Аталарымыз «Туған жерге туынды тік» деген сөзді бекер айтпаған. Елінді сүю кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Университетімізде жылда тәуелсіздік күніне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру әдетке айналған. Еліміздің ертеңіне, бабаларымыздың болашағына деген нық сеніміміз арта түсуде. Қазақ халқының саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлғаларды дәріптеу, ардақтау әр перзенттің борышы. Ұрпақ тәрбиелеуде ұстаздарымыздың еңбегі зор.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болуына тірек болып, шәкірттеріміз елдің болашағы жарқын болуына өз үлесін қосуда. Университетімізде жыл сайын тәуелсіздік күніне орай түрлі іс-шаралар мен көрме ұйымдастырылады, атап айтсақ, «Тәуелсіз Қазақстан елі», «Тәуелсіздік бейнелері», «Бабалар аңсаған тәуелсіздік» тақырыптар аясында студенттер өз өнерлерін, елге деген сүйіспеншілігін көрсетуде. Ынтымағымыз жарасқан, бірлігі бекем ел бола берейік. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Іс-шара барысында еліміздің әнұраны орындалып, бұл күнге қандай қиын кезеңдерден өткеніміз туралы мәліметтер берді.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор м.а. А. Кустубаева, оқытушы, б.ғ.к., м.а. Н. Аблайханова, аға оқытушы Г. Атанбаева сөз сөйлеп, бұл еліміз үшін ерекше мереке екенін атап өтіп, мерекелік іс-шараның жоғары деңгейде өткендігін айтты. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

Н. СЕЙДАЛИЕВА,
*биофизика, биомедицина және
нейроғылымдар кафедрасының
оқытушысы*